

Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауын ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 4 қыркүйек N 974. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 15 наурыздағы № 214 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 15.03.2023 № 214 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін өтініштерін қарау жөніндегі жұмысты жақсарту әрі орталық және жергілікті атқарушы органдардың халықтың көкейтесті проблемаларын шешудегі жауапкершілігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Ескерту. Тақырыпқа және кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.05.14. N 382 қаулысымен.

1. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшылары мен олардың орынбасарларының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды апта сайын "Әкімшілік рәсімдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңында және басқа да нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіппен көрсетілген органдардың басшылары тоқсан сайын бекітетін бұл органдардың үй-жайларындағы кестелерге сәйкес жүргізіледі деп белгіленсін.

Көрсетілген кестелер орталық және жергілікті атқарушы органдардың үй-жайларында олармен танысу үшін азаматтардың еркін қол жеткізуі қамтамасыз етілетін орындарда ілініп қойылады.

Орталық және жергілікті атқарушы органдар басшыларының қабылдауына алдын ала жазуды және қабылдау ұйымдастыруды өз құзыреті шегінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы статистикалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен есепке алуды жүргізетін бұл органдардың өкілетті қызметкерлері жүзеге асырады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.05.14. N 382 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының басшылары, облыстардың және Астана мен Алматы қалаларының әкімдері:

1) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау және оларды қабылдауға алдын ала жазу үшін қажетті жағдай жасасын, соның ішінде 2002 жылғы 1 қазанға дейін қабылдауға алдын ала жазуды жүргізуге өкілетті қызметкерлерді белгілесін әрі олардың өткізілуін қамтамасыз етсін, олардың байланыс телефондарын Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында жарияласын;

2) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қаралуын қамтамасыз етсін;

3) кезекті тоқсан басталғанға дейін 15 күн бұрын Премьер-Министрдің Кеңесіне назарға алу үшін айына кемінде бір рет бірінші басшылардың жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау, айдың басқа апталарында олардың орынбасарлары қабылдауын көздейтін 2-қосымшаға сәйкес нысандағы жеке және (немесе) заңды тұлғалар өтініштерінің" және"жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдаудың тоқсандық кестелерін ұсынсын;

4) есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күніне Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне белгіленген нысанда қорытылған деректері қоса берілген орталық және жергілікті атқарушы органдар бірінші басшылары мен олардың орынбасарларының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау нәтижелері туралы ақпаратты 3-қосымшаға сәйкес нысанда ұсынсын.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.05.14. N 382 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Премьер-Министрі Кеңесінің жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау бөлмесінде Аймақтық даму бөлімінің бас инспекторлары аптасына бір рет Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысы тоқсан сайын бекітетін кестелерге сәйкес аптасына бір рет жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау жүргізеді деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, оның орынбасарлары мен Премьер-Министр Кеңесі Басшысының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау олардың көмекшілерімен алдын ала келісіледі және олар белгілеген күн мен сағатта жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.05.14. N 382 қаулысымен.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне жүктелсін.

5. "Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарында азаматтарды қабылдаудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 қаңтардағы N 58 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 14, 2-құжат) күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулы 2002 жылғы 15 қыркүйектен бастап күшіне енетін 2-тармағының 3) тармақшасын қоспағанда, 2002 жылғы 1 қазаннан бастап күшіне енеді және жариялануы тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 4 қыркүйектегі
N 974 қаулысына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.05.14. N 382 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 4 қыркүйектегі
N 974 қаулысына
2-қосымша

2002 жылғы ____ тоқсандағы Қазақстан Республикасы орталық және жергілікті атқарушы органдар басшыларының азаматтарды қабылдау Кестесі

Орталық !Азаматтарды!Азаматтарды!Азаматтарды!Мемлекеттік !Байланыс
атқарушы!қабылдауды !қабылдауды !қабылдау !органдардың !телефоны
органның!жүргізген !жүргізген !күні мен !орналасқан !
атауы !адамның !адамның !уақыты !жері !
!Т.Ә.Ж. !Т.Ә.Ж., !!!
! лауазымы !!!

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 4 қыркүйектегі
N 974 қаулысына
3-қосымша

Басшылардың азаматтарды қабылдауы

нәтижесі туралы _____

(мемлекеттік органның атауы)

Деректер

200_ жылғы ____ тоқсандағы

Азаматтарды! Азаматтарды! Қабылдан.! қабылданғандардың ішінен:
қабылдауды ! қабылдауды ! ған адам. !-----
жүргізген ! жүргізген ! дардың ! Мәселе! Өтініші ! Мемлекеттік! Түсін.! Басқа
адамның ! адамның ! саны ! оң ше.! қанағат.! органның ! дiрме ! ұйым.
Т.Ә.Ж. ! лауазымы ! ! шiлдi ! танды. ! бөлiмшесiне! берiл.! дарға
!!! ! рылмады ! жiберiлдi ! дi ! жiбе.
!!!!!! ! рiлдi

Жиыны
